

Ұлттық археологияның сардары - Әлкей Марғұлан



10 мамыр күні Ш.Ералиев ауылдық кітапханасында академик Әлкей Марғұлан Хаканұлының туғанына 120 жыл толуына орай, «Ұлттық археологияның сардары Әлкей Марғұлан» атты салтанатты жиын өтті. Іс-шараға С Сейфуллин орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің Ақпараттық - библиографиялық бөлім

қызметкерлері, бөлім меңгеруші Гүлзат Жұмабайқызы, библиограф Салтанат Ерғалиқызы, кітапханашы Арайлым Жанатқызы және О.Әлібаев мектебінің ұстаздары ағылшын пәнінің мұғалімі Толқын Нуркеева мен музыка пәнінің мұғалімі Ғанижамал Азбаева, 6-8 сынып аралығындағы оқушылар қатысты.

Айта кетер болсақ, халқымыздың тарихын, мәдени шежіресін, жалықпай зерттеп, артына қаншама құнды кітаптар қалдырған кемеңгер Әлкей Марғұлан жайлы сыр шертілді. Ол 1904 жылы 11 мамырда Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. Дарынды Әлкей Хаканұлы Марғұланның сан тарау болып өріс алған тарих, этнография, археология, фольклористика, архитектура мен қол өнер тарихы сияқты ғылым салаларында ойып алар орыны бар. Ғұлама ғалым қазақ әдебиетінің дамуына да зор үлес қосқан. Оқырмандарға қазақтың біртуар азаматы Әлкей Марғұланның өміржолы мен еңбектері, бірге жүрген ортасы, жасаған қызметтері және әріптес достарының өзі жайлы айтқан ой-пікірлері айтылды. Шараның басты мақсаты өскелең ұрпаққа ұлы ғалымның мол мұрасын жеткізе отырып, рухани тәрбие беру болып саналады.

Іс-шараны кітапханашылар Арайлы Жөкенова мен Сандуғаш Әзбаева сценарий бойынша жүргізіп, Асыл Көлмағамбетова «Қазақ археологиясының атасы» атты баяндама оқып, презентация жасады. Сонымен қатар кітапханашы Арайлы Жөкенова кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады. Өткізілген шарадан оқушылар ой түйіп, біраз мәліметке қанық болды. Шара соңында ой сергіту мақсатында оқырмандарға сұрақ-жауаптары ойыны ұйымдастырылып, үн парақтар таратылды. 8 сынып оқушылары Айсамал Сүлейменова мен Тәттімбет Тоғаев ақындардың Ә. Марғұланға арнап шығарған өлең жолдарын оқыды. Шара соңында ақпараттық-библиография бөлімінің меңгерушісі Гүлзат Жұмабайқызы сөз сөйлеп, өз бағасын берді. Шара соңында естелікке фотоға түсіп, «Әлкей Марғұлан» маршы хоры айтылды.

**А.ЖӨКЕНОВА,
Ш.Ералиев ауылдық кітапханасының кітапханашысы**